

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ**  
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ**  
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

---

**№ 2 (2022)**

**ПАВЛОДАР**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бурдина Е. И.

*д.п.н., профессор*

Заместитель главного редактора  
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*  
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.23.09

<https://doi.org/10.48081/YUWE7317>

**\*Д. А. Ердембекова<sup>1</sup>, А. И. Булшекбаева<sup>2</sup>, М. О. Искакова<sup>3</sup>,  
А. Д. Кариев<sup>4</sup>**

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>3</sup>Әлихан Бөкейхан университеті,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ.;

<sup>4</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **РЕДЖИО ЭМИЛИЯ ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ**

*Мақалада авторлар Реджио Эмилия әдісінің мәні мен мазмұнын ашты. Реджио Эмилия әдістемесі туралы зерттеушілердің пікірлері мен көзқарастарына талдау жасалды. Мақалада авторлар Реджио Эмилия әдіснамасының қалыптасуы мен дамуының генезисін, оның шет мемлекеттердегі білім беру мекемелері мен ұйымдарында таралуы мен қолданылуын сипаттады. Сондай-ақ, мақалада авторлар Реджио Эмилия әдісін мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін балабақша мекемелердегі оқу-тәрбие процесінде қолданудың тиімділігін сипаттады. Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендірудің мәні, қоршаған ортаның баланың жеке басының дамуына әсері ашылды. Мақалада сонымен қатар дамып келе жатқан пәндік-кеңістіктік ортаны жобалауда Реджио Эмилия әдісін қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Сондай-ақ, мақалада авторлар мектеп жасына дейінгі балалармен эксперименттік жұмысты сипаттады. Авторлар мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, шығармашылық дағдыларын дамыту, сондай-ақ балалардың ұжымдық-шығармашылық жұмысын дамыту үшін балалармен және ата-аналармен жүргізілген жобалық жұмысты сипаттады. Реджио Эмилия әдістемесінің мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуді оңтайлы жүзеге асыру тиімділігі атап өтілді. Және де, зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтау үшін авторлар*

*балабақша тәрбиешілерімен өткізілген сауалнама нәтижесін көрсеткен.*

*Кілтті сөздер: әлеуметтік дағды, Реджио Эмилия әдісі, жобалық іс-әрекет, мектеп жасына дейінгі балалар, заттық кеңістіктік орта.*

### **Кіріспе**

Жаңа заман білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр, бұл өз кезегінде оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістерін жаңартуды талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие тұлғаның қалыптасуының негізі болып табылады. Баланың дамуына отбасы, мектепке дейінгі мекемелер, қоршаған табиғи және заттық орта маңызды рөл атқарады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген анықтамаға сәйкес «Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі» болып табылады [1].

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасының мазмұнына қойылатын алты негізгі талап бар: қанықтылық, вариативтік, қол жетімділік, трансформациялық, қауіпсіздік және көп функциялы. Қанықтылық – балалардың жас ерекшеліктеріне, олардың топтағы санына сәйкес келуі керек. Вариативтілік – ойын материалының мерзімді өзгеруін, балаларға әртүрлі іс-шаралар мен ойын кеңістігін таңдауға мүмкіндік беруді қамтиды. Қол жетімділік – балалардың ойын материалдарына еркін қол жетімділігімен анықталады, оның жарамдылығын болжайды. Кеңістіктің трансформациясы – білім беру жағдайына сәйкес жабдықтар мен жиһаздардың қозғалысына байланысты заттық-кеңістіктік ортаны өзгерту мүмкіндігін білдіреді. Қоршаған ортаның қауіпсіздігі – заттық-кеңістіктік ортаның барлық элементтерінің сенімділігі мен жарамдылығын талап етеді. Көп функционалдылық – топта төсеніштердің, жұмсақ модульдердің, экрандардың болуы, яғни заттар мен жабдықтарды пайдаланудың қатаң бекітілген тәсілі болмау керек [2].

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта мазмұны баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін білім беру салаларымен байланысты болуы керек. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша олар: денсаулық, қатынас, таным, шығармашылық, әлеумет.

Балалар заттық-кеңістіктік ортаның аймақтарын пайдаланады, оларда мынадай құрамдас бөліктер бар: әлеуметтік, кеңістіктік-объективті, психодидактикалық.

Біздің зерттеуімізге сәйкес заттық-кеңістіктік дамытушы орта артқылы әлеуметтік дағдыларды дамытуға тоқталсақ.

Әлеуметтік дағдылар – бала мектепке дейінгі жаста меңгеретін өзара әлеуметтік әрекеттің әдістері мен тәсілдері болып табылады [2].

Жалпы әлеуметтік дағдыға келетін болсақ: энциклопедиялық сөздікте «Әлеуметтік дағды» – әлеуметтік мақсаттарға жету мақсатында басқа адамдармен тиісті байланыс орната білу қабілеті.

Әлеуметтік дағдыларды жан жақты қалыптастыруды бір-қатар ғалымдар зерттеген: әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру (Л. И. Божович, Л. С. Выготский, П. Я. Гальперин, В. В. Давыдов, Д. Б. Эльконин, О. П. Гаврилушкина, Л. Н. Галигузова, Т. И. Бабаева, М. И. Лисина, Е. О. Смирнова, Г. А. Урунтаева және т.б.), тұлғасының дамуының психологиялық аспектілерін зерттеу (Л. С. Выготский, Д. Б. Эльконин, П. Г. Нежнова, Г. К. Селевко, Т. И. Шамова және т.б.), әлеуметтік дағдыларды дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құру принциптерін әзірлеу (В. А. Петровский, Л. А. Смывина), тұлғаның әлеуметтік күзінеттілігі (Ю. М. Жуков, Ю. Н. Емельянов, А. Ю. Коджаспиров, А. В. Петровский және т.б.).

Отандық ғалымдар мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда келесі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды сақталуы керек деп белгілейді:

- ізгі ниет, өзара түсіністік және сүйіспеншілік атмосферасын құру;
- басқаны тыңдай және ести білуге үйрету;
- қарым-қатынаста мимика, пантомимика және дауысты қолдану қабілетін дамыту;
- әртүрлі өмірлік жағдайдағы балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
- сөйлеу этикетінің формулаларын қолдана білуге үйретуге бағыттау;
- құрдастарымен достық қарым-қатынасты қалыптастыру;
- қарым-қатынасқа қатысушылар арасында жанау сезімдерін қалыптастыру;
- балалардың өзін-өзі басқара алу қабілетіне үйрету;
- жағдайды талдау қабілетін дамыту;
- балаларда қарым-қатынас дағдыларын мақсатты қалыптастыру [3].

Бұл жүйені мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері қазіргі заманғы прогрессивті әдістемелік тәжірибені ескере отырып қалай тиімдірек жүзеге асыра алады?

## **Материалдар мен әдістер**

Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілердің негізгі міндеті – балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, жеке тұлғаны дамыту мақсатына оңтайлы сәйкес келетін инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау.

Осы орайда дүниежүзілік педагогикалық жинақтың түрлі тәрбиелік әдістері көмекке келеді. Солардың бірі – Реджио Эмилия әдістемесі. Бұл әдіс (немесе педагогика деп атайды) өз атауын Италияның солтүстігіндегі Реджио Эмилия қаласынан алады. Дәл сол жерде екінші дүниежүзілік соғыстан кейін балаларға жаңа көзқараспен балабақшалар ашылды. Бұл техниканың әзірлеушісі-психолог Лорис Малагуцци. Әдістеме сол кездегі әйгілі психологтар мен мұғалімдердің идеяларына негізделген: Дж. Дьюи, Ж. Пиаже, Л. Выготский, Д. Брунер, М. Монтессори және басқалар. 1991 жылы Реджио-педагогика мектепке дейінгі мекемелері үшін үздік педагогикалық тәсіл деп танылды [4; 5].

Л. Малагуцци тұжырымдамасына сәйкес, даму баланың табиғаты еркін тәуелсіз іс-әрекетке жүзеге асырылады. Ол үшін әртүрлі ойындар қолданылады: құрылыс, бейнелеу, танымдық. Осы қатарда жобалық жұмысты да қолдануға болады.

Реджио Эмилия балабақшаларында жұмыс жобалық формада жүреді. Жоба – тәрбие құралы ретінде емес, ойлау құралы ретінде қолданылады [6, с. 91].

Реджио Эмилияның мәні: бала зерттеу еркіндігін алады және оқу процесін өзі құрады, ал тәрбиеші көмектеседі. Мұндай ынтымақтастық баланың позициясынан дүниеге көзқарасын кеңейтеді, оның өзі құбылыстардың, заттардың, оқиғалардың өзара байланысын байқайды.

Реджио Эмилия балабақшаларының тұжырымдамасында ерекше орын заттық-кеңістіктік ортаға берілген. «Ерекше тәрбиеші» деп түсінілген кеңістік балалардың жылуға, тыныштыққа деген қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек, әр түрлі іс-әрекеттерді, қарым-қатынас пен ынтымақтастық қажеттілігін ынталандыруы керек. Балабақша ортасының эстетикасы мен жайлылығына ерекше назар аударылады [7].

Кеңістік әр түрлі аймақтарға бөлінеді: балаларға топтан демалуға болатын жалғыз бұрыштар, ауқымды іс-шаралар өткізетін үлкен бөлмелер, серуендейтін және қоршаған ортаны зерттейтін аулалар, шеберханалар және т.б. Мұндай орта балаларға өздерін толық көрсетуге мүмкіндік береді.

Балалардың айналасындағы үлкендер балаға өзара әрекеттестік ісінде тең құқылы қатысушы ретінде қараулары тиіс. Ең бастысы сол, балаға өзіндік жеке тұлға ретінде оның белсенділігін басып тастайтындай көзқарас

болдырмауды (мысалы, үйді, ұжыммен тұратын бөлмені таза ұстауда) түсіну қажет. Сонда бірігіп істеген іс нәтижелі болады.

Реджио – бұл тәсіл балаға барлық нәрседе таңдау еркіндігін беруді көздейді. Көбінесе ата-аналар мен тәрбиешілер балалардың пікірін сұрамай-ақ ойыншықтарды қорапқа салады. «Орамалды қалтаңызға саласыз ба, әлде қолыңызға алып жүресіз бе?» «Бүгін ботқа немесе жұмыртқа жейсіз бе? «Алдымен саябаққа барамыз ба әлде дүкенге ме?» Баланы таңдау жасауға асықтырмаңыз, ол мұқият ойластырып, неге мұндай шешім қабылдағанын айтсын. Реджио – педагогика балаларды кез-келген уақытта, кез-келген жерде, кез-келген жағдайда оқытуды көздейді. Мысалы, балалар серуендегеннен кейін қолдарын жуады. Сіз олардан «Қолыңызды жуу неге маңызды?», – деп сұрай аласыз. Олар микробтар мен бактериялар туралы айта бастайды, оларды өз отбасында ата-аналары үйреткен мәліметтерді айта бастайды. Ал олар қандай микробтар? Балалар әртүрлі жауап бере алады, олар бір-бірінің тәжірибесінен сабақ алады, әртүрлі әңгімелер айта алады. Мүмкін, олар бактерияны атап бере алады. Мүмкін олар бірге микроб туралы ертегі ойлап табатын шығар.

Реджио педагогикасына сәйкес балалар бөлмесінің қабырғалары «сөйлейтін», яғни плакаттармен, суреттермен, айналармен, ойлау мен қиялды белсендіретін кез-келген заттармен және бейнелермен безендірілуі керек.

Реджио Эмилиядағы балабақша тәрбиешілері рефлексия аясында балалардың ойларын, шығармашылық жетістіктерін құжатайды, әріптестерімен балаларға қандай тақырыптар қызықты екенін, жобаларды жүзеге асыруға қалай көмектесуге болатынын, идеяны дамыту үшін қандай балалық «тілі» жақсырақ айту керектігін талқылайды.

Психолог Лорис Малагуццидің айтуынша балада «жүз тіл бар», соның бірін білу үшін біз балаға еркіндік бере білуіміз керек. «Баланың жүз тілі» дегеніміз: сурет салу, модельдеу, дизайн, музыка, театрландырылған көріністер, қозғалыс, би, көлеңке театры, оригами, табиғи материалдармен жұмыс және т.б. Тәрбиеші үшін балалармен қарым-қатынасты тек ауызша ғана емес, сонымен қатар шығармашылық вербальды емес қарым-қатынастың барлық нұсқаларын пайдалану маңызды [8].

### **Зерттеу нәтижелері және талқылау**

Реджио Эмилия әдісінің тәрбиешілер арасында танылуы.

Біз зерттеуді ең алдымен тәрбиешілерден бастадық. Олардың Реджио Эмилия әдістемесі туралы білімдерін анықтадық. Сауалнама онлайн түрінде google form арқылы жүзеге асырылды. Сауалнама нәтижесі бойынша Реджио Эмилия әдістемесінің қаншалықты Семей қаласында қолданылатынын анықтадық. Сауалнамаға 10 балабақшадан 39 тәрбиеші қатысты. Жалпы

сауалнама 20 сұрақтан құралған. Төмендегі кестеге сауалнаманың таңдаулы сұрақтары келтірілген (1 кесте).

Кесте 1 – Реджио Эмилия әдісінің тәрбиешілер арасында танылуы [9]

	Жоқ	Иә	Жауап бере алмаймын
Реджио Эмилия әдісі Монтессори әдісімен бірдей ме?	14	11	14
Реджио Эмилия әдісі ойынға негізделген бе?	7	24	8
Реджио Эмилия оқу бағдарламасы ма?	8	16	15
Реджио Эмилия принциптерін білесіз бе?	23	4	12
Реджио Эмилия әдісін өз жұмысыңызда қолданасыз ба?	27	4	8

Кестеге сүйене отырып тәрбиешілердің Реджио Эмилия әдісін дұрыс білмейтіндерін байқадық. Мысалы «Реджио Эмилия әдісі Монтессори әдісімен бірдей ма?» деген сұраққа респонденттердің 36 % жауап бере алмады. Ал «Реджио Эмилия оқу бағдарламасы ма?» деген сұраққа 38 % респондент жауап бере алмаймын деп белгіледі.

Өткізілген сауалнамамыз біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін дәлелдеді.

Келесі атқарған жұмысымыз ол мектепке дейінгі мекемеде балалармен жобалау әдісін ұйымдастыру және өткізу.

Жобалау әдісі – өзекті және өте нәтижелі әдіс, өйткені балаға алған білімін сараптауға, талдауға мүмкіндік береді, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, қарым-қатынасын нығайтады, осыған орай баланың мектепке бейімделуі оңай өтеді. Жобалық іс-әрекет баланың нақты өмірімен педагогтерді, ата-аналарды байланыстыра отырып, ұжымда жұмыс жасауға, серіктес болуға, жұмысты алдын ала жоспарлауға үйретеді. Өрбір бала өзін көрсетіп, өзінің қажетті екендігін сезінеді, осыдан өз күшіне сенімділік туады [10].

Қызығушылық – ең жақсы стимулятор. Бірақ баланың қызығушылығы шексіз болғандықтан тез жоғалып кетеді. Көптің арасында қоршаған әлемдегі қызықты нәрселер балаға өте қажет. Бала әрқашан хобби табады, онда оған ешкім керек емес. Бірақ, әдетте оған ересек адамның көмегі қажет. Көбінесе ересек адам пайда болған нәрсені қаншалықты тез байқайды және жауап береді баланың қызығушылығы оның сақталатынына немесе болмайтынына байланысты. Сондықтан оны жіберіп алмау өте маңызды.

Баланың қызығушылығы оянғанда тәрбиеші оған қолдау көрсетіп ары қарай оны жетілдіре білуі керек. Бала балабақшадан, мектептен еш уақытта жалықпау керек. Ол үшін қазіргі заман талабына сай қазіргі заман жастарын, болашақ ұрпақты даярлау үшін тәрбиеші мен біздің педагогтеріміз әртүрлі



әдістерді меңгеріп оның тиімді жағымен балаға ықпал ету арқылы саналы да сапалы оқу мен тәрбиені бере білгені жөн.

Зертеудің мақсаты: Мектепке дейінгі мекемеде Реджио Эмилия әдісінің бір бөлігі заттық кеңістіктік әрекетте жоба құрастыру және сол арқылы баланың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру.

Зертеудің ғылыми болжамы: балабақшада жобалау іс-әрекеті мақсатты жүйелі түрде ұйымдастырылса, келесідей міндеттер жүзеге асады:

- шығармашылық бастау, қиялы даму, жаңалық ашу;
- терең ойлау және өз еркімен таңдау жасай білу;
- мәселелерді қойып, оларды шешу;
- қоршаған ортаның, елінің, қоғамның, өз қаласының, жақындарының мәселелеріне бейжай қарамау.

Жобамен жұмыс жасау бірнеше кезеңнен тұрады. Әрбір кезеңде педагог пен баланың қарым-қатынасы жеке тұлғалардың қатынасы ретінде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең – «Тақырыпты таңдау». Педагогтың міндеті – балалармен бірге терең зерттеуге тақырыпты таңдау, танымдық іс-әрекеттің жоспарын құру.

Екінші кезең – «Дайындау» кезеңі. Тәрбиешінің міндеті – топта балалардың қиялын орындауға жағдай жасау. Жобаны жүзеге асыру әр түрлі іс-әрекет түрлері арқылы жүзеге асады. Жобалау әдісін қолдану тиімділігі бұл жағдайда, баланың психикалық функциялардың, сонымен қатар баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Үшінші кезең – «Жүзеге» асыру кезеңі. Балалар үшін ең бағалы, материалдық өнім қойылады. Тәрбиешінің мақсаты – балаларға өз жұмысы туралы әңгімелеп беруге жағдай жасау. Өз жетістіктерінен мақтаныш сезіміне бөлеу, нәтижеге жетуі туралы ойлану.

Төртінші кезең – «Нәтижелік» кезең (қорытынды). Жобалау іс-әрекет барысында баланың белсенділігінің артып, баламен педагогтың қатынасы өзгеруі мүмкін. Педагогтың оқытушы-ұйымдастырушылық орны кезең бойынша ізденушілік пен өзіндік жұмыстардың дамуына байланысты жобалау іс-әрекетінің аяғында бағыттаушы және түзетуші болып өзгереді.

Жобалау іс-әрекеті 3 ай көлемінде жоспарланды. Жұмыстың тақырыбы қазіргі кездегі балалардың сұрақтары мен мүдделеріне сүйене отырып, өздігінен анықталды және бүкіл топты жинау кезінде әр күні таңертең талқыланды. Сондай-ақ, тақырыптар балалардың ойындары мен әңгімелерінде туылды, оны тәрбиешілер бақылады. Жобаға балалардың бүкіл тобы қатысуы жоспарланды [11].

Біз Реджио Эмилия әдістемесін пайдалана отырып «Үй жануарлары» атты жобаны балаларға ұсындық. Мысалы: қалада тұратын балалар көбіне

ит пен мысықты көреді. Сондықтан олар ата–анасымен 3 ай көлемінде осы сүйікті жануарын зерттеп жобалық жұмыс жасайды.

Ең алдымен «Мысықты қалай саламыз?». Бұл сұраққа жауап беру үшін балалар мысықтың өмірімен бейнефильмдер мен әңгімелер арқылы танысады, мысықтың тас мүсінін зерттейді, мүсіндейді және оны әртүрлі материалдардан жасайды. Мысығы бар плакат түріндегі соңғы сурет не матадан жасалған кейіпін, не дөңді-дақылдардан жасалған мүсін өзінің сұлулығымен таң қалдырды. Осындай нәтижеге жету үшін балалар таным мен сынақтың ұзақ жолынан өтуге тура келді. Бұл жерде тек мысық болуы міндетті емес. Болашақта біз осы жобалық зерттеу әрекетін ары қарай жалғастырып «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде дамып келе жатқан объектілік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыруда Реджио тәсілін қолдану» бағдарламасын әзірлеу және эксперименттік тестілеу мақсатта тұр.

Зерттеу әдістері: ғылыми, күнделікті бақылау, салыстырмалы талдау және қалыптастырушы эксперимент.

Реджио Эмилия әдісінің тағы бір жақсы тәсілі бұл құжаттау болып табылады. Балалардың жасаған жұмыстарының барлығын құжатқа салып жинақтадық. Бұл болашақта ары қарай өз зерттеулерінің жалғасын табуға көмектеседі. Бағдарлама жобасы аясында әрбір баланың өзін-өзі танытуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қажеттінің бәрі бар кеңістік құрылады. Балалардың әңгімелері, талқылаулары, ойлау барысы мен іс-әрекеттері көбінесе фотосуреттер мен бейнелерге жазылады, ал жұмыс кезеңдерін тәрбиешілер белгілейді [12].

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, қазіргі қоғамда болып жатқан процестердің динамикасы педагогтердің жаңа құзыреттіліктерін, ақпараттық-коммуникациялық ортада жұмыс істеу дағдыларын, жобалауды, педагогикалық технологияларды игеру және озық педагогикалық тәжірибені енгізу арқылы инновациялық сипаттағы шешімдерді таба білу қажеттілігін талап етеді. Сондықтан қазіргі балабақшаларда Реджио Эмилия әдісін насихаттау және жұмыс барысына енгізу маңызды болып табылады. Себебі, бұл әдіс балалардың қоршаған ортаны жан-жақты танып білуіне, оларды ересек жастан әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін, әрқилы іс-әрекеттерге қызығушылығын оятуға, үлкендермен бірге қиындықтарды жеңуге, сұрақтарға жауап іздеуге, ойлау қабілетін дамытуға жағдай туғызады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

2 **Шакирова, Е. В., Белкина, В. Н.** Развивающая предметно-пространственная среда детского сада : содержание и подходы к организации // Ярославский педагогический вестник. – 2018. – № 3. – С. 40–45.

3 **Жиенбаева, С. Н., Ақбергенова, К. М.** Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері // Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің Хабаршысы. – 2019. – № 4. – С. 251–257.

4 **Tarr, P.** Aesthetic Codes in Early Childhood Classrooms : What Art Educators Can Learn from Reggio Emilia // Art Education. – 54(3). – 2001. – P. 33–39 [Electronic resource]. – <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00043125.2018.1389576> doi: 10.1080/00043125.2001.11653447.

5 **Богушова, С. Е.** Возможности использования реджио-подхода в организации развивающей предметно-пространственной среды в дошкольной образовательной организации // С. Е. Богушова, Е. Потурнакова, О. И. Петрова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2020. – № 4 (294). – С. 280–282.

6 **Сурудина, Е. А.** Тенденции развития зарубежного образования. – М. : Центр новых технологий, 2018. – 177 с.

7 **Santín, M. F., Torruella, M. F.** Reggio Emilia : An Essential Tool to Develop Critical Thinking in Early Childhood // Journal of new approaches in educational research. – Vol. 6. – No. 1. – January 2017. – P. 50–56. – ISSN: 2254-7339. – DOI: 10.7821/naer.2017.1.207.

8 **Игнатова, В. В., Родичева-Яровенко, А. О.** Здоровьесберегающая познавательная деятельность обучающихся на примере Реджио-педагогика // В сборнике : Педагогика и психология : проблемы развития мышления. Развитие личности в изменяющихся условиях // Материалы V Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Под общей ред. Т. Н. Ищенко. – 2020. – С. 51–56.

9 <https://santoryo.net/why-is-the-reggio-emilia-approach-important> [Электронды ресурс].

10 **Kim, B.S. & Darling, L. F.** Monet, Malaguzzi, and the Constructive conversations of Preschoolers in a Reggio-inspired classroom // Early Childhood Education Journal. – 37(2). – 2009. – P. 137–145. – doi:10.1007/s10643-009-0323-2.

11 **Schroeder-Yu, G.** Learning and Art. – 35(23). – 2008 [Electronic resource]. – Retrieved from <http://eric.ed.gov/?id=ED456890>; Documentation: Ideas and Applications from the Reggio Emilia Approach // Teaching Artist Journal. – 6(2). –P. 126–134. – <https://doi.org/10.1080/15411790801910735>.

12 **Turner, T. & Wilson, D. G.** Reflections on Documentation : A Discussion With Thought Leaders From Reggio Emilia // Theory Into Practice. – 49 (1). – 5–13. – 2009. – doi:10.1080/00405840903435493.

## REFERENCES

1 Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы [State educational institutions of all levels of education. Order of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan No. 604 dated 31.10.2018] [Text].

2 **Shakirova, E. V., Belkina, V. N.** Razvivayushchaya predmetno-prostranstvennaya sreda detskogo sada : sodержanie i podhody k organizacii // Yaroslavskij pedagogicheskij vestnik [Development of the subject-spatial environment of kindergarten : content and organizational approaches] [Text]. – Yaroslavl pedagogical bulletin. – 2018. – No. 3. – P. 40–45.

3 **Zhienbaeva, S. N., Akbergenova, K. M.** Mektep jasyna deingі balalardyń әleumettik daǵdyларының қалыптастырудың педагогикалық мүмкүндіктері/ Qazaq Ұлттық Qыздар Pedagogikalyq Universitetiнің Habarshysy [Pedagogical opportunities for the formation of social experience of preschool children] [Text] // Bulletin of the Kazakh National Women’s Pedagogical University. – 2019. – No. 4. – P. 251–257.

4 **Tarr, P.** Aesthetic Codes in Early Childhood Classrooms : What Art Educators Can Learn from Reggio Emilia // Art Education. – 54(3). – 2001. – P. 33–39 [Electronic resource]. – <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00043125.2018.1389576> doi: 10.1080/00043125.2001.11653447.

5 **Bogushova, S. E.** Vozmozhnosti ispol'zovaniya redzhio-podhoda v organizacii razvivayushchej predmetno-prostranstvennoj sredy v doshkol'noj obrazovatel'noj organizacii [Possibilities of applying a Reggio approach to the development of the subject-spatial environment in the organization of preschool education] [Text] // Young Scientist. – 2020. – № 4 (294). – P. 280–282.

6 **Surudina, E. A.** Tendencii razvitiya zarubezhnogo obrazovaniya [Trends in the development of foreign education] [Text]. – Moscow : Center for new technologies, 2018. – 177 P.

7 **Santín, M. F., Torruella, M. F.** Reggio Emilia : An Essential Tool to Develop Critical Thinking in Early Childhood // Journal of new approaches in educational research. – Vol. 6. – No. 1. – January 2017. – P. 50–56. – ISSN: 2254-7339. – DOI: 10.7821/naer.2017.1.207.

8 **Ignatova, V. V., Rodicheva-Yarovenko, A. O.** Zdorov' esberegayushchaya poznavatel'naya deyatel'nost' obuchayushchihsya na primere Redzhio-pedagogiki [Cognitive activity of students' health protection on the example of Reggio pedagogy] [Text] // In the collection : pedagogy and psychology : problems of thinking development. Personal development in changing conditions. To the materials of the All-Russian scientific and practical conference with international participation. Under the general editorship of T. N. Ishchenko. – 2020. – P. 51–56.

9 <https://santoryo.net/why-is-the-reggio-emilia-approach-important> [Electronic resource].

10 **Kim, B. S. & Darling, L. F.** Monet, Malaguzzi, and the Constructive conversations of Preschoolers in a Reggio-inspired classroom // Early Childhood Education Journal. – 37(2). – 2009. – P. 137–145. – doi:10.1007/s10643-009-0323-2.

11 **Schroeder-Yu, G.** Learning and Art. – 35(23). – 2008 [Electronic resource]. – Retrieved from <http://eric.ed.gov/?id=ED456890>; Documentation: Ideas and Applications from the Reggio Emilia Approach // Teaching Artist Journal. – 6(2). – P. 126–134. – <https://doi.org/10.1080/15411790801910735>.

12 **Turner, T. & Wilson, D. G.** Reflections on Documentation : A Discussion With Thought Leaders From Reggio Emilia // Theory Into Practice. – 49 (1). – 5–13. – 2009. – doi:10.1080/00405840903435493.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

\*Д. А. Ердембекова<sup>1</sup>, А. И. Булиекбаева<sup>2</sup>, М. О. Исакова<sup>3</sup>, А. Д. Қариев<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup>Қазақский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>3</sup>Университет Алияна Бокейхана, Республика Казахстан, г. Семей;

<sup>4</sup>Қазақский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

## **РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНЫХ НАВЫКОВ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПОСРЕДСТВОМ МЕТОДИКИ РЕДЖИО ЭМИЛИИ**

*Авторы в статье раскрывают сущность и содержание методики Реджио Эмилии. Приведен анализ мнений и взглядов исследователей по вопросу методики Реджио Эмилии. В статье авторами описывается генезис становления и развития методики, его распространенность и использование в образовательных учреждениях и организациях США, Италии, России. Также в статье авторы описывают эффективность использования методики Реджио Эмилии в образовательно-воспитательном процессе в дошкольных учреждениях для развития социальных навыков детей старшего дошкольного возраста. Раскрывается сущность социализации детей старшего дошкольного возраста, влияние окружающей среды на развитие личности ребенка. В статье также рассматривается возможность использования методики Реджио Эмилии в проектировании развивающей предметно-пространственной среды. Также авторами в статье описывается экспериментальная работа с детьми старшего дошкольного возраста. Авторами описывается проектная работа с детьми и родителями для развития социальных навыков детей старшего дошкольного возраста, для развития творческих навыков, а также развитие коллективно-творческой работы детей. Отмечена эффективность методики Реджио Эмилия для оптимальной реализации дошкольного образования и воспитания.*

*Для определения актуальности темы исследования авторами в статье представлены результаты анкетирования, проведенного среди воспитателей детских садов.*

*Ключевые слова: социальный навык, метод Реджио Эмилия, проектная деятельность, дошкольники, предметно-пространственная среда.*

\*D. A. Yerdembekova<sup>1</sup>, A. I. Bulshekbayeva<sup>2</sup>, M. O. Iskakova<sup>3</sup>, A. D. Kariyev<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>3</sup>Alikhan Bokeikhan University,  
Republic of Kazakhstan, Semey;

<sup>4</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 13.06.22.

## **DEVELOPMENT OF SOCIAL SKILLS OF PRESCHOOL CHILDREN THROUGH THE REGGIO EMILIA METHODOLOGY**

*The authors in the article reveal the essence and content of Reggio Emilia's methodology. The analysis of the opinions and views of researchers on the issue of Reggio Emilia's methodology is given. In the article, the authors describe the genesis of the formation and development of the Reggio Emilia technique, its prevalence and use in educational institutions and organizations in the USA, Italy, and Russia. Also in the article, the authors describe the effectiveness of using the Reggio Emilia methodology in the educational process in preschool institutions for the development of social skills of older preschool children. The essence of the socialization of older preschool children, the influence of the environment on the development of the child's personality is revealed. The article also discusses the possibility of using Reggio Emilia's methodology in designing a developing subject-spatial environment. The authors also describe experimental work with older preschool children in the article. The authors describe project work with children and parents for the development of social skills of older preschool children, for the development of creative skills, as well as the development of collective creative work of children. The effectiveness of the Reggio Emilia methodology for the optimal implementation of preschool education and upbringing is noted.*

*In order to determine the relevance of the research topic, the authors indicated the results of a survey conducted by kindergarten teachers.*

*Keywords: social skill, Reggio Emilia method, project activity, preschoolers, subject-spatial environment.*

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Мб RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz